

Түсінік хат

Экология- биология ғылымының бір саласы. Экология – тірі организмдердің бір-бірімен қарым-қатынасын оларды қоршаған ортасымен байланыстырып зерттейтін ғылым.

Экология ғылымының бүгінгі күнгі маңызы да осыда жатыр. Қазір экология барлық ғылымдардың мақсаты мен мәнін ашатын кешенді ғылымдар жиынтығына айналды. Ойлап қарасақ, қоршаған ортадағы барлық нысандар бір-бірімен қарым-қатынаста ғана тіршілікке қолайлы жағдай туғызады. Яғни, тірі организм мен айнала қоршаған ортаны бөліп қарауға болмайды. Олар біртұтас арақатынаста ғана тұрақты дамиды, өсіп-өнеді, көбейеді. Жер шарына таралады. Міне, осыдан келіп экология ғылымының пәні, мақсаты мен міндеттері, мәселелері шығады.

Қазіргі кезде адамзатты қоршаған ортаның күрделі экологиялық мәселелері толғандыруда және оларды жедел түрде шешу тәсілдері іздестірілуде. Бұл ізденістерде айналадағы бізді қоршаған орта туралы білімнің берері мол.

Бұл арада шешілуге тиісті ең негізгі мәселе – адамның табиғатқа тигізетін әсері қандай және одан қалпына келмейтін қандай тізбекті өзгерістер туындайтынын анықтауда болып отыр. Бұл мәселені бір жағынан ғылым, екінші жағынан ғылымның ашқан жаңалықтары негізінде іс – әрекет жасауға бастайтын білім ғана шешіп береді.

ҚР тұрақты дамудың жаңа жолына түскенде экологиялық білім мен тәрбие берудің маңызы арта түсуде.

Қоғамның іргелі құрылымынан қолдау тапқан экологиялық білім мен насихат қана жаңа адамды – ХХІ ғасырдың азаматын қалыптастырады және аса күрделі, әрі шиеленіскен әлеуметтік – экологиялық жағдайда іс – әрекет жасауға үйретеді. Экологиялық білімнің тиімділігі жүйелілік тәсілге негізделіп, үздіксіз жүзеге асырылғанда ғана артып табысқа жетеді. Үздіксіз экологиялық білім беру жүйесін құрудың мақсаты – ғылыми және тәжірибелік білімнің бірлігі негізінде балалардың экологиялық көзқарасын қалыптастыру, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарайтын құндылықты, мінез – құлықты, іс – әрекетті қамтамасыз ету болып табылады.

«Экология балабақшада» вариативтік компоненттің мақсаты: жас ұрпақтың бойында экологиялық мәдениетті қалыптастыру, қоғамдағы экологиялық мәселелерді шешуге деген және тірі организмнің айнала қоршаған ортасына әсерін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру болып табылады.

«Экология балабақшада» вариативтік компоненттің міндеттері:

1. Экологиялық тәрбие мен білім беруді жергілікті жердің табиғатын қорғау міндетімен ұштастыру.
2. Табиғатты сақтау қарым - қатынасына негізделген патриоттық сезімге тәрбиелеу;
3. Балалардың пәнге қызығушылығын арттырып, экологиялық сауаттылық пен мәдениетті дамыту;
4. Балалардың бойында экология және қоршаған ортаға деген қызығушылықтарын дамыту;
5. Балаларды өз беттерінше ізденуге баулу, есте сақтау, салыстыра ойлау және көз алдына елестету қабілетін дамыту;
6. Экологиялық білімін табиғатқа қамқорлық жасауға дағдаландыру жолдарын қарастыру.

«Экология балабақшада» вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат.